

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Алматы қаласы

Түрксіб ауданы

№59 мектеп-гимназиясы

ТАҚЫРЫБЫ:

XVII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАҒЫ РӨЛІ

ОРЫНДАҒАН № 59 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫНЫҢ
9 «А» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ СЕРІКБОЛ КӘУСАР
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШЕ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗҰУ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ КАФЕДРАСЫНЫҢ ДОЦЕНТІ, Т.Ғ.К.
Н.А.ТАСИЛОВА
МЕКТЕПТЕГІ ЖЕТЕКШІСІ: РАҚЫМБЕКОВА Н.К.

Мақсаты

Біз жұмысты зерттеу барысында, жазба және ауыз әдебиетінің деректері мен тарихнамалық жетістіктерге сүйене отырып, XVII ғасырдағы Қазақ хандығының ұлттық территориясын сақтап қалу жолындағы көрші елдермен жүргізген саяси байланыстарын, олардың барысын, мақсатына жан-жақты тарихи талдау жасап, Есім, Тұрсын, Жәңгір, хандардың қызметіне, олардың Қазақ хандығының мемлекеттік болмысын сақтаудағы жүргізген саясатының нақты қорытындыларын анықтауды мақсат етіп қойдық. Алдымызға қойған мақсатты орындау үшін бірнеше міндеттерді айқындадық.

Міндеттері:

- Есім хан тұсындағы Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайына қатысты деректер мен зерттеу еңбектеріне кешенді түрде талдау жасау, негізгі қорытындыларға келу; Қазақ хандығының көрші елдермен қарым-қатынастарының барысы мен мақсаттарын жүйелі түрде талдап, негізгі бағыттарын айқындау;
- XVII ғасырдың басындағы Қазақ хандығындағы талас-тартыстар мен қатаған қырғынының тарихымыздағы орны мен рөлін айқындап, негізгі қорытындыларға келу;
 - XVII ғасырдың II-жартысындағы Жәңгір хан және Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдап, жүйелеп көрсету;
 - XVII ғасырдағы қазақ-жоңғар қатынастарын терең зерттеп және Орбұлақ шайқасының тарихи маңызы анықтап көрсету;
 - Тәуке хан тұсындағы сыртқы саяси байланыстардың дамуының негізгі бағыттарын айқындап, жалпы және нақты қорытындыларға келу.

Өзектілігі

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасы тарих ғылымының негізгі міндеті – отандық тарихты объективті тұрғыдан қайта қарап, “ақтандақ” беттерін қайта жазу, ашылмай келген тұстарын тереңірек зерттеу мәселесі болып табылады

Тақырыпты зерттеу арқылы біз қазақ халқының мемлекеттік тарихы оның халықаралық сыртқы саяси байланысымен тығыз байланыста жүргендігіне назар аударамыз, соған байланысты XVII – XVIII ғасырлар – Қазақстан тарихында өзіндік ерекшеліктері көп тарихи кезеңге жатады.

Деректер мен зерттеулер

1. Хафиз Таныштың ”
Шараф наме-ий шахи,,
атты еңбегінде (“Книга
шахской славы”) атты
еңбегі
2. Шах Махмұд Шорастың
«Тарих» («Хроника»
1676-1677 жж. жазылған)
деген шығармасының да
маңызы зор.
3. Аштарханилық деректер
тобына жататын Махмұд
ибн Уәлидің “Бахр ал-
асрар фи манаки ал-
ахиар” және
Ходжамкулы бек
Балхидің “Тарихи
Кипчаки” атты
еңбектерінде
4. Қадырғали Жалайыр.
Шежірелер жинағы.

ТАЛАС ОМАРБЕКОВ ДЕРЕКТЕРІНЕН. САЛҒАН СУРЕТТЕРІ



1. Султанов Т.И.
Поднятые на белой
кошме. Потомки Чингиз-
хана. Алматы, Дайк-
Пресс. 2001, С.211-212.
2. Вельяминов-Зернов В.
В. Исследование о З.
Касимовских царях и
царевичах. Ч.2.
СПб., 1864. С.352
3. Абусейтова М.Х.
Казахское ханство во
второй половине XVI
века. А., 1985, С.93
4. Кәрібаев Б.Б.
Түркістан және Қазақ
хандығы. – Алматы:
Қазақ университеті,
1999.



Есім хан
(1598 - 1628 жж)

Ішкі саясат

- ❖ Бытыраңқылықты жойды
- ❖ Заңдар жинағын жасады
- ❖ Тұрсын ханның бүлігін басты
- ❖ Қуатты әскери жасақ құрды
- ❖ Бір орталыққа бағынған ірі мемлекет құрды

Сыртқы саясат

- ❖ Бұхар ханымен бітім шарт жасасты
- ❖ Орта Азия қалаларымен бейбіт экономикалық байланыс орнатуға ұмтылды
- ❖ Бұхар әскерімен соғысып жеңіске жетті
- ❖ Моғол хандығымен одақтасты
- ❖ Қалмақтарға қарсы жорыққа шықты

Есім - жаугершілік заманда елдің қорғаныс қабілетін нығайтқан мемлекет қайтаркері

Ортақ белгілері

- ❑ Қазақ хандығын нығайтуға үлес қосты
- ❑ Халықтың тәуелсіздігін сақтап қалуға тырысты



Жәңгір хан
(1628 - 1692 жж)

Ішкі саясат

- ❖ Қазақ ру-тайпаларының арасында қақтығыстарды тоқтатты
- ❖ Қазақ руларын біріктіріп, бір мемлекетке шоғырландырды

Сыртқы саясат

- ❖ Ресей, Орта Азия, Қырғыз елдерімен экономикалық және сауда байланысын орнатты
- ❖ Көршілес мұсылман елдеріндегі билеуші әулет өкілдерімен туыстық қатынасты нығайтты
- ❖ Жоңғарларға қарсы соғысты

Жәңгір-Қазақ жерінің тұтастығын қамтамасыз еткен айбатты хан

Есім ханның ішкі саясаты



Заңдар жинағы

- ✓ Қыпшақ, Шағатай және басқа ұлыстарда қолданатын әртүрлі жарғылар енгізілді
- ✓ Заң ережелері: мүлік заңы, қылмыс заңы, әскери заң, елшілік жоралар
- ✓ “Есім салған ескі жол””Нұрсұлтан салған нұрлы жол” бүгінде ол дәстүр жалғасын тауып, елбасының “Қазақстан 2050” атты даму стратегиясына ұласып отыр

Бүліктің шығуы

Есім хан

Тұрсын хан

- Есім ханның мемлекет құру саясатына Тұрсын ханның қарсы шығуы
- Тұрсын ханның өз алдына хандық құруға ұмтылуы
- 1627 жылғы екі ханның арасындағы соғыс
- Есім хан Тұрсын ханмен бірге Қатаған руын да жазалайды

Қатаған қырғыны

Есім ханның сыртқы саясаты

Бұхармен
жасасқан бітім
шарт бойынша
Түркістан мен
Ташкент қазақ
хандығына
берілді

Орта Азия
халықтарымен
бейбіт
экономикалық
байланыс
орнатуға
ұмтылды

Жоңғар
хандығының
шапқыншылы
ғына қарсы
тәуелсіздік
үшін күрес


**Жәңгі
р
ханны
ң ішкі
саясат
ы**



- **Ішкі қазақ рулары мен тайпалар арасындағы қақтығыстарды тоқтатты**



- **Қазақ руларын біріктіріп, бір мемлекетке шоғырландырды**



Жәңгір ханның сыртқы саясаты

Ресей, Орта Азия, Қырғыз елдерімен экономикалық және сауда байланысын орнатты


1635, 1643, 1652 жылдардағы жоңғарлармен соғысы

Көршілес мұсылман елдеріндегі билеуші әулет өкілдерімен туыстық қатынасты нығайтты

Орбұлақ шайқасы

- 1643 жылы Батыр қонтайшының 50 мың қолмен қазақ жеріне басып кіруі
- Жәңгір ханның 600 жауынгермен жоңғарларға қарсы шығуы
- Шайқас Жоңғар Алатауы Орбұлақ деген жерде болды
- Қатысқан батырлар-Қарасай, Ағынай, Найман Көксерек, Дулат Жантығұл. т.б.
- Қазақтардың жеңісімен аяқталды

Орбұлақ шайқасы



Жоңғар
Алатауы
Орбұлақ
жері



► Қорытынды

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ЖАЛҒАСҚАН ҚИЫН ӘРІ КҮРДЕЛІ ТАРИХЫНДА КЕЙІНГІ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ, XVII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ. ӨЙТКЕНІ, ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ АҢСАП, КҮРЕСІП ЖЕТКЕН ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРГЕ ТАСЫ ОСЫ ТҰСТА ҚАЛАНЫП, ЖАҢАДАН ТАРИХ САХНАСЫНА КӨТЕРІЛГЕН ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ МЕМЛЕКЕТ БОЛЫП, ӘРІ ҚАРАЙ ӨМІР СҮРІП ДАМУ ҮШІН ТЕРРИТОРИЯСЫН АЙҚЫНДАП, МЕМЛЕКЕТІН НЫҒАЙТЫП, КӨРШІ ЕЛДЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ОРНАТТЫ.

Ұсыныстар:

1. ОСЫ ТАРИХИ КЕЗЕҢНІҢ
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН БАЛБАҚША МЕН ОРТА
СЫҢЫПТАРҒА ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ
БАЙЛАНЫСТЫ МУЛЬТФИЛМДЕР ТҮСІРУ
2. ДЕРЕКТІ ФИЛЬМДЕРДІ ОҚУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ
БАҒДАРЛАМАЛАРҒА ЕНГІЗУ
3. МӘҢГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН
БАРЛЫҚ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА
НЕГІЗУ.



Назарларыңызға
рахмет